

# І ТУЫ

ІН, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

Февраль Жексенбі

Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйым.

## Жергілікті Советтердің сайлауына мұқыят әзірленіп, сайлау күнін бүкілхалықтық мереке күніне айналдырайық! Сөйтіп, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің тағы бір сал- танат етуін қамтамасыз етейік!

Партиясы

ші

АР

к партиясы Ор-

республиканың  
н жақсарту жө-

И. И. Афанос

қалық

ік

ық Советтері сай-  
жалпы жұртшы-  
зінде қамтамасыз  
ың және Колюхов,  
бірқатар сайлау  
ылардың тізімдері-  
у жұмысы жеткі-  
отыр. Біз жоғары-  
мі —сайлау нау-  
мент дедік. Олай

### ТЕЛЕГРАММА

## Қытай Халық Республикасы Орталық Халық Үкметінің Председателі Мао Цзе-дун жолдасқа

Достық, одақ және өзара көмек туралы Совет-Қытай Дого-  
ворына қол қойылуының үш жылдығы құрметіне, Предсе-  
датель жолдас, менің шын жүректен шыққан құттықтауларым-  
ды және халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігі ісінің

мүдделері үшін Қытай Халық Республикасы мен Советтік Со-  
циалистік Республикалар Одағы арасындағы достық пен одақ-  
тың онан әрі нығаюына тілектестігімді қабы алыңыз.

ПЕКИН

**И. СТАЛИН.**

### ТЕЛЕГРАММА

## Советтік Социалистік Республикалар Одағы Министрлер Советінің Председателі И. В. Сталин жолдасқа

Қытай Халық Республикасы мен Советтік Социалистік  
Республикалар Одағы арасында достық, одақ және өзара кө-  
мек туралы Договорға қол қойылуының үш жылдығы құрме-  
тіне мен қытай халқы, Қытай Халық Республикасының үкме-  
ті атынан және өз атынан ұлы совет халқына, Совет Үкме-  
тіне және Сізге шын жүректен алғыс айтып, жалынды құт-  
тықтауларымды жолдаймын.

Екі ұлы одақтас —Қытай мен Совет Одағы арасындағы  
тығыз достық және ынтымақ қатынасы үш жыл бойына

ның Жаңа Қытайға көрсеткен шын ниетті қалтқысыз көмегі  
қытайдың экономикасын қалпына келтіруді және өркендетуді  
тездетіп қана қойған жоқ, соның үстіне қытайдың мемлекеттік  
құрылысының бірінші бесжылдық жоспарын кең көлемде жү-  
зеге асыру ісінде бұл көмектің зор маңызы болады.

Империализмнің жаңа агрессиясының дұшпандық әрекет-  
теріне қарсы күресте және Қызыр Шығыс пен бүкіл дүни-  
жүзінде бейбітшілікті қорғау ісінде екі ел—Қытай мен СССР

### Көктемгі егіске әзірлік

## Мол өнім қамын жасамай отыр

Бесінші бесжылдық жоспарда қойылған  
басты міндетті —дөңді дақылдардың шы-  
ғымдылығын арттыру міндетін ойдағыдай  
срындау —көктемгі егісті агротехникалық  
қолайлы мерзімде өткізуге барлық егіс  
көлеміне жоғары сапалы тұқым егуге ты-  
ғыз байланысты.

Алайда, Октябрь ауданының бірқатар  
колхоздарында көктемгі егіске әзірліктін.  
мол өнім қалаудың жайы ойдағыдай емес.  
Мұнда әсіресе, алдағы егіске тұқым дайын-  
дау ісі өте-өте нашар. Кейбір колхоздар-  
да қолда бар тұқымдық дақылдардың осы  
уақытқа дейін төрттен бірі де тазаланба-  
ған. Мысалы «Заря коммунизма» колхо-  
зында күйылған тұқымдық дақылдың не  
бары 10 проценттейі, «Қазақстанның 30  
жылдығы» колхозында қолда бар тұқым-  
ның 16 проценттейі ғана тазаланған. Бұл  
тұқымның өзі жақсы тазаланудан өтпеген.

Сол сияқты, ауданның «Гигант» және  
Іанаев атындағы колхоздарында да тұ-  
қым тазалау, сорттау жұмыстары баяу  
жүргізіліп келеді. Бұларда да тұқымлық  
дақылдардың үштен біріне жуығы ғапа  
тазаланып, себу дәрежесіне жеткізілген.

Аталған колхоздарда тұқым дайындау  
жұмыстарының ойсыраған олқылыққа

округтік және участоттік сайлау комиссиялары өздерінің ең жауапты, әрі ардақты жұмыстарына кірісті. Олар сайлау участоттерін кабинеттермен, урналармен және басқа осы сыяқты қажетті заттармен жабдықтауда.

Сайлаушылардың тізімдері—совет адамдарының сайлау праволарын жүзеге асырудағы негізгі документ болып саналады. Міне, сондықтан да сайлаушылардың тізімдерін дұрыс жасау, оның дұрыстығын әрбір сайлаушының өзінің тікелей тексеруімен анықтаудың зор маңызы бар. Бұл жөнінде № 7 Бескөл сайлау участотінің (Петропавл ауданы) жұмысы басқаларға үлгі боларлықтай. Мұнда сайлаушылардың тізімі жалпы жұртшылықтың байқауына көзінде ілінді. Үгітшілер мен сайлау комиссиясының мүшелері әрбір сайлаушының сайлау тізімінде өзінің, әкесінің есімінің, фамилиясының, туған жылының дұрыс жазылуын байқап, тексеруді мұқият ұйымдастыруда. Сонымен қабат, олар басқа жерлерден «дауыс беру правосы куәлігімен» келген адамдарды есепке алу, сондай-ақ участоттің қамтуындағы сайлаушылардың түрлі себептермен ұзақ уақыттық жолға шығушыларыңа дауыс беру правосы куәлігін беру мәселесіне ерекше назар аударуда.

Дегенмен, істің жайы барлық жерлерде бірдей деп тінгі де айта алмаймыз. Булаев

## Совет Одағының Коммунистік партиясы туралы кинофестиваль

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Бүгін қаланың кинотеатрларында «Ленин — Сталин партиясы біздің жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы» деген тақырыпта кинофестиваль басталды. Қызылордалықтар «Ұлы таң», «Ант», «Сталин град шайқасы», «Берлиннің құлауы» фильмдерін және басқаларын көреді.

Көзір облыстың аудан орталықтарында жұмысшы поселкелері мен колхоздарында да коммунистік партияның жұмылдырушы

ленуге тиіс. Бұл жұмыста уақ мәселе жоқ. Сайлау участоті сайлаушылардың сайлау праволарын жүзеге асырудың толық мүмкіншілігін жасауы қажет.

Сайлау күнін үлгілі өткізуде байланыс, сауда орындарының да міндеті өте зор. Байланыс орындары көзір, сайлауға әзірлік кезінде және сайлау күні телефон мен телеграфтың және басқа да байланыс құралдарының мүлтіксіз жұмыс істеуін ұйымдастыруға міндетті. Сауда орындары сайлау участоттеріне қажетті кересин, лампы, қызыл мата және басқа осы сыяқты өндіріс товарларын кезінде жеткізуге тиіс. Сонымен қабат сауда орындары сайлау күні, әсіресе сайлау участоттерінде мәдениетті совет саудасын кеңінен ұйымдастыруды ойластырулары керек.

Партия және совет ұйымдары бұл күндері сайлау участоттерінің жайын жете білу арқылы, олардың жұмысына нақтылы көмек көрсетуге тиіс. Партия комитеттерінің бюро мәжілістерімен партия жыйналыстарында сайлауға әзірлік мәселелері жиі қаралып, істе кездескен кемшіліктерді жою шаралары жедел қолданылуға тиіс.

Жергілікті Советтердің сайлауына мұқият әзірленіп, сайлау күнін бүкілхалықтық мереке күніне айналдырайық! Сөйтін, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің тағы бір салтанат етуін қамтамасыз етейік!

және ұйымдастырушылық роліне арналған кинофестивальдар өткізілді. Кино көрсетілер алдында саяси және ғылыми білім тарату қоғамының мүшелері, облыстық лекция бюросының лекторлары партияның XIX съезінің тарихи қарарлары туралы, И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген жаңа данышпандық еңбегі туралы баяндамалар мен лекциялар оқыды.

совет мемлекетінің көрнекті қайраткері, вич Мехлис жолдастың ұзаққа созылған рыш хабар.

Совет Одағының Коммунистік партия  
ССРО Одағының Министрлер Советі.

## ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Ко

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті қаулы етті:

1. Л. З. Мехлисті жерлеуді ұйымдастыру

жөнінде Н. А. Суслов, (председатель), құрамында  
А. С. Горкин, Ф. Ф. Кузнецов, Н. П. По- 2. Л. З.  
мазнев және Н. Я. Яснов жолдастардың қабырғасын

## Егін және мал шаруашылығына нақтылы басшылық жасалсын

Совет ауданындағы «Совет» колхозының есеп беру- сайлау жыйналысы сын және өзара сын жағдайында, колхозшылардың зор белсенділігімен өтті.

Жыйналыста өткен ауылшаруашылық жылының қорытындылары туралы колхоз басқармасының председатели С. Бондаренко жолдас колхозшыларға есеп берді.

— Өткен жылы егін және мал шаруашылығын өркендету ісінде, — деді Бондаренко жолдас, — қол жеткен табыстары мызбен қатар, елеулі кемшіліктерге жоқ берілді. Дөнді дақылдардың барлық көлемінен мол өнім алу жолыңдағы күрес ойдағыдай ұйымдастырылмағандықтан егіннен алынған өнім төмен болды. Өткен жылы егіннің әрбір гектарына орта есеппен 5,2 центнерден ғана өнім алынды. Мұның ең негізгі себебі еңалдымен колхозда агрономиялық шаралардың наша жүзеге асырылуында шөп танапты ауыс палы егіс жүйесінің түпкілікті менгерілмеуінде. Мұнда барлық егіс көлеміне сәртты тұқым себілмейді. Жергілікті және минералды тыңайтқыштар егістік алаңында өңдеуге мұқият пайдаланылмайды. Ауыл шаруашылық жұмыстары агротехникалық қалайлы мерзімде аяқталмайды, ұзаққа созылады.

Егіннен мол өнім алу жолыңдағы күрес быйыл да ойдағыдай ұйымдастырылмай отыр. Қар тоқтату, жергілікті тыңайт-

қыштар жыйнау қанағаттанғысыз жүргізілуде. Тұқымдық дақылдар әлі шығымдылық санаға жеткізілген жоқ.

Мал шаруашылығын өркендетудің жылдық жоспары мүлдем қанағаттанғысыз орындалды. Өйткені колхозда жөмпөттің мол қоры жасалмады, малдың күтімі нашар ұйымдастырылды. Осыдан барып мал шығынына жол берілді. Мал шаруашылығының өнімдерін дайындау жоспары қанағаттанғысыз орындалды.

Егін және мал шаруашылығын өркендету міндеттерінің ойдағыдай орындалмауы себепті колхоздың ақшадай табысы да аз болып отыр.

Тексеру комиссиясының жұмысы, — деді комиссия председатели Пантленко жолдас, — бүкіл жыл бойы небары 2-ақ рет тексеріс жүргізді. Тексеріс қорытындысы колхозшылар жыйналысында талқыланып отырмады.

Есеп жұмысы колхозда бетімен жіберілген. Колхозшылардың істеген жұмысына еңбеккүн уақытылы жазылып отырылмайды. Ол еңбек кітапшасына мезгілінде жазылмайды. Колхозда құрал-саймандардың, жегу әбзелдерінің дұрыс сақталмауы, олардың мерзімінен бұрын пайдалануға жарамай қалу фактілері орын алып отыр.

— Бізде, — деді колхозшы Гайлик жолдас, — ауылшаруашылық жұмыстарының

көпшілігі  
Демек, ау  
МТС зор  
колхозды  
мысы ой  
шиналары  
майды, ол  
оның сал  
техника  
ұзаққа со  
техника к  
ну жолын  
ұйымдасты  
— Бізде  
жолдас,  
лыққа ай  
толық пай  
да өгород  
мүмкінші  
дейін бұл  
леміз. Ал,  
шаруашы  
бықтың ең  
Быйыл  
сыяқты м  
ісімен жет  
Зоотехн  
сөзін қоға  
кендету м  
биғи шаб  
дұрыс пай  
кадрларды  
хоз басқа  
нашар бас  
сынады.  
Колхозд  
тор брига  
істеуі қана

Р М Ы С Ы

# Жұмысы жаңа болсын

дәрежелерін өзі зор ынта-сәмет істейтін толық мүшесі, Калинин үстеміндегі істің барлық В. Сталиннің мінгәлілік про-малы лекция-ның орталы-ған лекция-сты. Лекция-дас оқыған ізды. «ССРО-да со-облемалары» жолдастың және идеялық тындаушы-лық сураққа арларын өң-е бірсыпыра толық мү-селенко жол-кәсібі бесін-и, Ларкина, және үкметі залдық әлі-ін онан әрі» деген та-и. Совет ау-ан көлемін-ың лекция-жергілікті-ысты лек-

тылыс тану-ғылыми секциясы. «Ғылым мен діннің арасындағы қарама-қарсылық» жөнінде, педагогика және әдебиет секциясы: «Балаларды коммунистік рухта тәрбиелеу» жөнінде лекциялар ұйымдас-ғырып, оны кезінде оқуда. Дайындаған лекциялардың сапасы үнемі тексеріліп отырылады. Бұл жардай лекцияның маз-мұнын арттырып, идеялық дәрежесін жақ-сартта түсуде.

Алайда, саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының жұмысында елеулі кемшіліктер де жоқ емес. Ол кемшіліктер қоғамның кейбір мүшелерінің лекциялық насихат жұмысына оқта-текте ғана қатысуында болып отыр. Қоғам мүшелері облыстың көптеген колхоздарында лекция оқыған жоқ. Мамлют ауданында қоғамның 46 мүшесі бар. Бұл үлкен күш. Бірақ лекциялық насихат жұмысына тек 10 адам ғана қатынасып отыр. Осының салдарынан қоғам таралып кетсе, 4-ақ колхозда лекция оқыды. Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының аудандық бөлімінің меңгерушісі Семенов жолдас түрлі желеулерді бетке ұстап, лекциялық насихат жұмысына мән бермей отыр. Семенов жолдас-тың қоғам жұмысын осы сыяқты олқы-лыққа ұшыратып отырғандығын аудандық партия комитеті жақсы біледі. Солай бола тұрсада, ол аудандық комитет қоғам жұмысын жақсарту, оған көмектесу, қоғам мүшелерін лекциялық насихат жұмысына қатыстыру мәселесімен әлі шұғылданабай келеді. Айта кету керек, Мамлют ауданында саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының ұйымдасқанына 4 жылға айналы. Осы уақыттың



Петропавлдағы № 44 орта мектептің 5 класында оқытын Тамара Тюменева мектептегі жас натуралистер үйірмесіне белсене қатысушылардың бірі. Суретте: Тамара Тюменева жолдастары Гая Куминова мен Люда Ивановаға өзі өсірген көгәршіндерін көрсетіп тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Политехникалық оқуды жүзеге асыра берейік

Ленин ауданының мектептері XIX партия съезі алға қойған политехникалық оқуға әзірлікті жүзеге асыру міндетін шешуге белсене кірісті. Политехникалық оқудың кейбір мәселелері педагогикалық советтер мен мұғалімдер кенестерінде талқыланды. Мұғалімдердің әдіс ауыстыру бірлестіктерінде де биология пәнінің оқытушысы Н. В. Емельянов жолдас «Село мектептері жағдайында оқушылардың тәжірибелік жұмыстарының мазмұны мен ұйымдастырылуы» деген тақырыпта баяндама жасады. Химия, физика, биология сызу пәндерінің мұғалімдері теориялық материалдарға байланысты сабақ үстінде лабораторияларда тәжірибе жұмыстарын

Ботаника пәнінен «Көктемгі егіске тұқым дайындау» деген тақырыпта өткен уақытта оқушылар колхоздың тұқым тазалайтын машиналарымен танысты. Мектептің оқу-тәжірибе участогінде егісті себу әдістерін меңгеру үшін тәжірибе жұмыстарын жүргізді. Тыңайтқыштардың түрлерімен танысып, оларды техника арқылы қалай пайдалану керектігін білді. Бұл жұмыстар Петровка мектебінің биология пәнінің мұғалімі Б. Леванов жолдасын басшылығымен жүргізді.

Явленка орта мектебінің сызу пәнінің мұғалімі Л. Эйдель оқушыларға түрлі машиналардың бөлшектерін сызғызу арқылы оларды өндірісте алып шаруаның

## Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН. 13 февраль. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық Армиясының Бас командованиесі 13 февраль күні былай деп хабарлады:

Өткен күні Батыс майдан участоктерінің бір ауданында Корея Халық Армиясының және қытай халық еріктілерінің бөлімдері мен американо-ағылшын интервенттерінің шолғыншылар отряды арасында болмашы соқтығыс болды.

Бүгін жау самолеттерін атқыштар дұшпанның бір самолетін атып түсіріп, 3 самолетін зияндады.

## Американ тағылары

ПХЕНЬЯН. 13 февраль. (СОТА). Американо-авиациясы Пхеньянды және Кореяның басқа қалалары мен селоларын аюандық пен бомбалап, атқылауды әлі тоқтатқан жоқ. 12 февральға қараған түнде американо-бомбардировщиктері ешқандай соғыс орны жоқ Пхеньяның оңтүстік жағындағы тұрғын ауданын күшті бомбалауға ұшыратты. Ұйықтап жатқан әйелдер мен балалардың төсегіне американо-ұшқыштары фугастық және өрт жібергіш бомбалар тастады. Сол күні түнде Оңтүстік Пхенан провинциясының Кансо уезінің елді пункттерін де бомбалауға ұшыратты.

Американо-ауе қарақшыларының Оңтүстік Пхенан провинциясының селолық аудандары мен елді пункттерін аюандықпен бомбалағанын хабарлай келіп, Кореяның Орталық телеграф агенттігі 7 февраль күні түнде американо-«ұшқыш қамалдары» Чунхва уезінің Ванвон волысына қарасты деревнялардағы шаруалардың үйлеріне көптеген бомбалар тастады деп хабарлайды. Көптеген баспаналық құрылыстар қыйратылып, ондаған адамдар қазаға ұшырады және жарақат алды.

уашылығына партия басшылығы жөнінде баяндамалар тыңдалы.

Семинардың соңында бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары үшін И. В. Сталин жолдастың экономикалық мәселелер жөніндегі жаңа еңбегі, халықаралық жағдай туралы лекциялар оқылды.

Ғары типті үйірге 20 оқытушы үзбей қатысады. Үйірменің сабағы жаңа программа бойынша өтеді. Сабақ идеялық жоғары дәрежеде өтеді. Оқудың барысын партия ұйымы үнемі бақылап отырады.

**Ә. БАГРАМОВА.**

## ЖЕРГІЛІКТІ ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРІ

Бұл күндері бүкіл облысымыздың еңбекшілері жергілікті Советтердің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетуге түсу арқылы шаруашылықтың барлық салаларында жаңа, көрнекті табыстарға ие болуда. Әсіресе, өнеркәсіп және транспорт кәсіпорындарының коллективтері сайлау құрметіндегі социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен жүзеге асыру үшін қажырлылықпен күрес жүргізіп келеді.

Партияның XIX съезінің қарарларымен, кеменгер кәсіміміз Сталин жолдастың съездің қорытынды мажлісінде сөйлеген тарихи сөзімен және кәсіміміздің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық жаңа еңбегімен жігерленген облыс кәсіпорындарының жұмысшылары бесінші бесжылдықтың жоспарларын орындау күресінде нелер тамаша көрсеткіштерге ие болып келеді. Басқа да кәсіпорындарындағы сыяқты облысымыздың жергілікті өнеркәсіп орындарының жұмысшылары да әсіресе, көпшілік қолды тұтыну заттарын шығару жөніндегі жоспарды ойдағыдай орындауда.

Бұл жөнінде қаладағы «1-Май», «Галантерейщик», «9-Май» кәсіпшілік артельдерінің, Приешім аудандық өндіріс комбинатының, шойын-күю таразы зауытының игі жетістіктерін ерекше атап айта кетуге болады. Аталған кәсіпорындарының коллективтері өздерінің күш-мүмкіншілік-

терін толық пайдаланып, табысқа жетудің негізгі шарты — социалистік жарысты кеңінен өрістетуге отырып, еңбек өнімділігін еселеп арттыруда.

Жергілікті өнеркәсіптің озат кәсіпорындары жоспарды сан көрсеткіштер бойынша асыра орындаумен қатар өнімнің түр-түрі жөніндегі талсырманы да мүлтіксіз орындауға, оның сапасын жақсартуға ерекше назар аударады. Мәселен соңғы кезде шойын-күю таразы зауытының (директоры Петров жолдас, партия ұйымының секретары Мустафин жолдас) шығарған өнімдеріндегі ақау өткен жылдардағыдан әлде қайла көмді. Мұның өзі завод коллективінің өнім сапасын жақсарту, оның өзіндік бағасын кеміту, үнемшілдік тәртібін қатаң сақтау жолында творчестволықпен еңбек еткендігін айқын дәлелдейді.

Мұндай коллективтер облысымызға аз емес. Олардың жұмыстары, еңбек майданындағы көрнекті табыстары бүгін коллективтің алдына қойылған міндетті шешуге белсене қатысуының, социалистік жарысты пәрменді түрде өрістетуінің нәтижесі екендігін айқын көрсетеді.

Солай бола тұрса да жергілікті өнеркәсіп орындарының бірқатары еңбек өнімділігін арттыру, әсіресе өнім сапасын жақсарту және үнемшілдік тәртібін қатаң сақтау жөнінде алдарына қойылған міндетті орындау ісіне әлі де болса жете мән бермей келеді. Мұндай жауапсыздық кәсіп-

шылар Ушаков, Литвинова жолдастардың сабақты нашар өткізетінін, ал, партия ұйымының секретары Строчков жолдастың партия оқуына жеткіліксіз басшылық жасайтынын атап көрсетіп, үйірменің жұмысын жақсарту жөнінде тиісті шаралар белгіледі.

орындарының үлкен шығындарға ұшырауына, өнімнің өзіндік құнының мейлінше жоғары көтерілуіне әкеліп соғып жүр. Мәселен, Будаев, Мамлют, Преснов аудандық өндіріс комбинаттары «Кожхимик», «Молот», «Красный кирпич» кәсіпшілік артельдері жалпы өнім шығару жөніндегі жоспарды өткен жылы артығымен орындаса да өнімнің негізгі түрлерін өндіру жөніндегі талсырманы орындаған жоқ.

Мұндай жағдай аталған кәсіпорындарының жоспарды жалпылап, сан көрсеткіштері бойынша ғана орындаумен қанағаттанғандығын ал, басқа көрсеткіштер бойынша тағайындалған талсырманы орындауға жете мән бермегендігін сипаттайды.

Жергілікті өнеркәсіп орындарының өндіретін өнімдерінің мейлінше сапалы болуы өндіріске озат тәжірибелерді кеңінен енгізуге тікелей байланысты. Бірақ, осыған қарамастан жекелеген кәсіпорындарында жаңа техниканы меңгеру, озат тәжірибені кеңінен қолдану ісі әлі жолға қойылмай келеді. Бұған мысал ретінде аяқ киім фабрикасын алуға болады. Фабрика өткен жылдардағы сыяқты үстіміздегі жылдың басынан бері де өнімде үнемі ақау жіберіп келеді. Соңғы тексерістердің бірінде аталған кәсіпорында қолда бар техниканың өзі технологияның тәртіпке сай пайдаланылмайтындығы, оның өнімділігінің мейлінше төмен болып келгендігі анықталды.

Жергілікті өнеркәсіп орындарының бірқатарында жұмысшылардың мамандығын арттыру, оларды озат тәжірибелерге үйрету

түмен бірге ауылдық лекторий мүшелерімен және үгітшілермен тығыз байланыс жасап, сайлаушылар арасында мәдени-

## Кітап қоры жаңа кітаптармен то

Преснов ауданындағы Баян ауылшаруашылық артелинде 2 кітапхана бар. Оның

ісі жолға қойылмаған. Аудандық өндіріс комбинаттарының бірқатарында жұмысшылардың техникалық оқуы мүлдем ұйымдас тырылмаған.

Партияның XIX съезі еліміздің барлық өнеркәсіп орындарында өнімнің түр-түрін мол өндіру және оның сапа көрсеткіштерін мейлінше жақсарту жөнінде қатаң талаптар қойды. Бірақ, осыған қарамастан кейбір жергілікті өнеркәсіп орындарының өнімі әлі сапасыз шығарылып келеді. Мәселен, Петропавл, Преснов өндіріс комбинаттарында шығарылатын мебельдердің сапасы мейлінше төмен. Ал, нақтылы жағдайға келсек оларда сапалы өнім шығаруға толық мүмкіншілік бар. Аталған комбинаттардың негізгі өндірістік процестері механикаландырылған, тәжірибелі жұмысшылар да бар. Бірақ, олардың өнімдері әлі де сапасыз болып келеді.

Жергілікті өнеркәсіп орындарының шығарған өнімдерінің сапасыз болуы сауда орындарының жұмысына да көп нұқсан келтіреді.

Бұдан былайғы жерде мұндай кемшіліктерді үзілді-кесілді жою керек. Ол үшін жұмысшылар арасындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге отырып, үнемшілдік тәртібінің қатаң сақталуына, өнім сапасының жақсартылуына және өндірісте озат тәжірибелердің кеңінен қолданылуына жетісу қажет. Сонда ғана еңбекшілердің бүгін таңдағы тілектеріне сай сапалы өнім беруді қамтамасыз етуге болады.

**М. ҚОСЫМОВ.**

ды. Оқу үйінде мән бар. Жуырда мұнә ференциясы өткізі

біреуі оқушыларның кітап қоры таптармен толық бір-екі жылдың ішінде ханасы үшін 5459 мың алынды.

Колхоздағы екі газет, журналдар маңай дойбы, билік құралдарымен қат

### 3 ПРОЦЕНТІ ҰТЫСТЫ

Қаладағы жыйнақтардың орталық лекеттік 3 проценти 31 тиражы бойын

Қағалдандыру тиражы Попович № 164 жөнінің 100 сомды беруді өтінді. Оның сом ұтыс ш

### «УДАРНИК» К

Бүгін ж

«М

Сеанстар 6-8-10  
Касса сағат 3-т

Солтүстік  
«Главраскаучу  
лады. Шағым  
25 февральға  
Адрес: Пет  
көшесі, 93-үй.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редакция —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс